



Автор: Тасбауова Сандугаш Койшыбаевна

Пән: Биология

Сынып: 9-сынып

Бөлім: Көбею

Тақырып: Адамның жыныс жүйесінің құрылымы мен қызметі

Сабақтың мақсаты	1. адамның жыныс жүйесінің құрылысын түсінеді; 2. адамның аталық және аналық жыныс жүйесі мүшелерін сипаттау; 3. ер адамның жыныс бездері мен әйел адамның жыныс бездері қызметін анықтау;
Бағалау критерийі	1. адамның жыныс жүйесінің құрылысын түсінеді 2. адамның аталық және аналық жыныс жүйесі мүшелерін анықтайды; 3. ер адамның жыныс бездері мен әйел адамның жыныс бездері қызметін сипаттайды.
Тілдік мақсат	Тақырыпқа қатысты терминологиялық сөздер: жыныс бездері, аталық без, ұма, ұрық өзекшелері, қуықасты безі, сперматозоид, шәует (сперма), аналық без, жатыр, жатыр түтігі, қынап, сары дене, аналық бездің жетілуі (овуляция) терминдерін үйренеді.
Құндылықтарға баулу	«Мәңгілік ел» құндылықтар идеясы: Зайырлы қоғам және жоғары руханият: «Адамның басты байлығы – денсаулық» Гигиена сақтау; Уақытылы дәрігерге қаралу
Пәнаралық байланыс	Анатомия, физиология, гинекология, урология, қазақ тілі
Алдыңғы білім	8.2.1.1. жануарлардың көбею тәсілдерін салыстыру

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы Алдыңғы білім	Психологиялық ахуал қлыптастыру «Өрмекші торы» әдісі арқылы оқушылар бүгінгі күнгі сабаққа бір-біріне жақсы тілектер айтады. «Пазл әдісі» арқылы ♂♀○ суреттерін құрастырып 3 топқа бөлінеді. М (сабақтың оқу мақсатын түсіндіреді) «Миға шабуыл» жасау арқылы «Аталық без», «Аналық без» сөздері бойынша осы кезге дейінгі білімдерін жинақтау. Алдыңғы білімді шолу «Доп лақтыру» әдісі арқылы өткен тақырыпты пысықтап жаңа тақырыпқа қадам басу, оқушыларға сұрақтар қоя отырып, диалогқа түсіру. Сұрақтар: 1.Жыныстық көбею деген не? 2.Жынысты көбеюге қандай мүшелер жүйесі қатысады? 3.Аталық және аналық жыныс жасушалары қалай аталады? 4.Аталық жыныс жүйесінің құрылысы қандай? 5.Аналық жыныс жүйесінің құрылысы қандай? Үш шапалақ арқылы бағалау Мұғалім сабақтың оқу мақсатын түсіндіреді	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	ТЖ №1 Үш топ «Фотокөрме» стратегиясы арқылы оқушылар мәтінмен жұмыс жасайды. Мәтінді оқып болған соң адамның аталық және аналық жыныс жүйесі мүшелерін сипаттау үшін суретке сәйкес келетін сөздерді табады. Ер адам мен әйел адамның жыныс мүшелерінің құрылысы суреттері берілген. Бұл суреттер: Image not found or type unknown ТЖ №2 «Жұбын тап» әдісі Әр топқа жауабы мен сұрағы бар қағаздар таратылады. Оқушылар топ ішінде ер адамның жыныс бездері мен әйел адамның жыныс бездері қызметін талдау үшін сәйкес сұрақпен жауапты іздейді, сәйкестендіреді. 1 топ: 1. Жыныс бездері қандай бездерге жатады? /аралас бездерге/ 2. Жыныстық мүшелер жүйесіне жатады? /аталық және аналық/ 3. Сыртқы аталық мүшелеріне жатады? /ұма және жыныстық мүше/ 4. Ішкі аналық мүшелеріне жатады? /екі аналық без, жатыр,екі жатыр түтігі, қынап. 2 топ: 1. Аталық бездер қай жерде орналасқан? /терілі қалтада ұманың ішінде 2. Ішкі аталық жыныс мүшелеріне жатады? / Аталық бездер, оның қосалқы бөлімдері (шәует шығаратын түтік, ұрықтық көпіршіктер, қуықасты безі) 3. Аналық бездердің пішіні? / сопақша, ұзындығы 3-4 см 4. Аналық бездер көптеген безді көпіршіктерден яғни нелерден түзілген? / фолликулалардан 3 топ: 1. Аталық бездер неше түрлі қызмет атқарады? / екі/ 2. Сыртқы аналық мүшелеріне жатады? / үлкен, кіші жыныстық жапсарлар және шүртекей (клитор) 3. Қуықтың артқы тұсында жамбас қуысында орналасқан алмұрт пішінді бұлшықетті мүше? / жатыр 4. Аталық без (ен) нешеу, салмағы? / екеу, мөлшері 4-6 см, салмағы 15-30 гр Дескриптор: Бағалау критерийі Дескриптор Адамның аталық және аналық жыныс жүйесі мүшелерін сипаттау Адамның аталық жыныс жүйесі мүшелерін сипаттады Адамның аналық жыныс жүйесі мүшелерін сипаттады Ер адамның жыныс бездері мен әйел адамның жыныс бездері қызметін анықтау Ер адамның жыныс бездерінің қызметін талдайды Әйел адамның жыныс бездерінің қызметін талдайды ҚБ: Басбармақ арқылы бағалау. ЖТ №3 Эссе әдісі (қабілеті жоғары оқушыға берілетін тапсырма) тақырыбы «Қызым-қызғалдағым, ұлым-ізгі арманым.» Кілт сөздер: ата-ана, ұрық, жыныстық жетілу,гормондық реттелу, тұқымқуалаушылық,өсу, даму, жасөспірім, денсаулық Дескриптор □ Берілген кілт сөздерді қолданып эссе жазу. ҚБ :Смайликтер арқылы бағалау	Н.Г.Асанов, А.Р.Соловьева, Б.Т.Ибраимова, 9 сынып оқулық Алматы «Атамұра» 2019, 218-223 беттер. Сілтеме: http://expert.atamura.kz/kz/books/556#page/2 Суреттер http://expert.mektep.kz/ru/shop/105049-9_klass/162173-biologija_9_2_b/1
Сабақтың соңы	ПТМС формуласын қолдану арқылы талдап, қорытынды жасаңыз. Позиция «менің ойымша?» Түсіндіру (себебі...) Мысал (мұны мынадай мысал арқылы дәлелдей аламын....) Салдар (қорытынды жасаймын....) Сабақ уақытында оқушыларды ынталандыру мақсатында оларды қолдап, мадақтап отырамын. «Жарайсың! Керемет! Тамаша!» Оқушылардың бүгінгі сабақта алған білімдерін анықтау мақсатында «Кері байланыс кемесі» әдісі арқылы рефлексия аламын. Image not found or type unknown	